ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(ҚОСЫМША ШЕШІМ)

Алматы қаласы 13 ақпан 2025 жыл

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрелік етуші судья Г.М.Онланбекова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады, онда:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Телеграмм» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
айыппұлды өндіру туралы

СИПАТТАМАЛЫҚ БӨЛІМ

2024 жылғы 27 желтоқсандағы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жеңілдетілген іс жүргізу тәртібінде шығарылған шешімімен талапкер «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Телеграмм» жеке кәсіпкер Айнур Уазимді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылған.

Алайда, осы талап арызда көрсетілгендей, шарттың 7.4. тармағында сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 13 498,24 сомада тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Іс құжаттарын зерделеп, судья қосымша шешім шығаруды дұрыс деп санайды, себебі жауапкерден мемлекет пайдасына 13 498,24 сомада тұрақсыздық айыппұлды өндірілетіндігіне құқықтық баға берілмеген.

Құжатқа қол қойылған: Онланбекова Г.М., 13.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Онланбекова Г. М., 15.04.2025

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

АПК-нің 236-бабының бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сай, іс бойынша шешім шығарған сот іске қатысатын адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша, егер іске қатысатын адамдар дәлелдемелер ұсынған және түсініктемелер берген қандай да бір талап бойынша шешім шығарылмаса қосымша шешім шығара алады делінген.

Бұндай жағдайда, сот, жауапкерден мемлекет пайдасына 13 498,24 сомада тұрақсыздық айыппұлды өндіру жөнінде қосымша шешім шығарылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 109, 236, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Телеграмм» жеке кәсіпкер Айнур Уазимді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы өндіру туралы азаматтық ісі бойынша 2024 жылғы 27-желтоқсандағы №7527-24-00-2/17197 санды шешімінің қарар бөлігіне төмендегі жазбада қосымша шешім шықсын:

Жауапкер «Телеграмм» жеке кәсіпкер Айнур Уазимнен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұл ретінде 13 498 (он үш мың төрт жүз тоқсан сегіз) теңге 24 тиын және мемлекеттік баж ретінде 135 (бір жүз отыз бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ қосымша шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол қосымша шешім шығарған сотқа қосымша шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы қосымша шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Қосымша шешімге - осы қосымша шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы қаласы ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: Онланбекова Г.М.

Құжатқа қол қойылған: Онланбекова Г.М., 13.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Онланбекова Г.М., 15.04.2025

Құжатқа қол қойылған: Онланбекова Г. М., 13.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Онланбекова Г. М., 15.04.2025